

**ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ С.МӘУЛЕНОВ
АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯСЫ" КММ**

Ақпарат

Гимназия қабырғасында Денсаулық күніне арналған тоғызқұмалақтан мектепшілік жарыс өткізілді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер мектеп атынан мадақтамалармен марапатталды. Жарыс қорытындысы ұлдар арасында 1 орын – Амантай Мансұр, 2 орын – Жаңбырбай Дәулет, 3 орын – Алпысбай Арнұр. Қыздар арасында 1 орын – Амантай Жансая, 2 орын – Сулейменова Адия, 3 орын – Миранова Ажар.

Тоғызқұмалақ үйірмесі аясында гимназияда 9 қыркүйек күні тоғызқұмалақ ойыны бойынша флешмоб өткізілді. Флешмобқа үйірмеге қатысатын барлық оқушылар қатысты.

Қазан айында Арқалық қаласында өткен тоғызқұмалақтан Қостанай облысының жастар чемпионатында 8 сынып оқушысы Дүйсенғали Арлан жекелей есепте 3 орын иеленіп, командалық есепте 1 орынға ие болды.

Республика күніне арналған тоғызқұмалақтан қалалық жарыста 5 сынып оқушысы Хаджиоглу Орчун 1 орын, ал 6 сынып оқушысы Өмірзақ Ерасыл 2 орынға ие болды.

17-18 қарашада Қостанай қаласының мектептері арасында тоғызқұмалақтан 5-6 сыныптар арасында Қалалық мектеп лигасы өтті. Біздің оқушылар 3 орын иеленді. Құрама: Өмірзақ Ерасыл, Хаджиоглу Орчун, Арсаева Меруерт, Нургалиева Сезім.

19-20 қарашада Қостанай қаласының мектептері арасында тоғызқұмалақтан 7-8 сыныптар арасында Қалалық мектеп лигасы өтті. Біздің оқушылар 1 орын иеленді. Құрама: Дүйсенғали Арлан, Жаңбырбай Дәулет, Амантай Жансая, Миранова Ажар. Облыстық кезеңге жолдама алды, Қостанай қаласының намысын қорғайтын болады.

Алматы қаласында өтіп жатқан тоғызқұмалақтан Азия чемпионатында біздің оқушымыз Дүйсенғали Арлан қатысып жатыр.



Орынды: тоғызқұмалақ үйірмесінің жетекшісі Жоломанов М.М